

БӨЛІМ: ДЕФЕКТОЛОГИЯ

№124 жалпы орта білім беретін мектеп Адашова Умида Акрамшиковна Педагог-дефектолог Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.07.2024

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/158990/>

№124 жалпы орта білім беретін мектеп

Адашова Умида Акрамшиковна

Педагог-дефектолог

Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектеп жаңа қоғам мектебі, болашақ мектебі, яғни саналы халықтың мәдениетке бағытталған, баланың жеке басының дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын, бәсекеге қабілетті, елдің тірегі болатын жас ұрпақты тәрбиелеп, дамытатын білім беретін мекен болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін мүмкіндіктер жасау және жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту»- деп атап көрсеткен.

Осыған байланысты қоғам алдына білім алушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылды. Отанымыздің әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Жалпы орта білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалар тобында жиырма пайыз психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар кездеседі. Психикалық дамуы тежелуі-бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі. Психикалық дамудың тежелу мәселесі дүниежүзілік психологтар мен арнайы педагогтардың бірден-бір көкейкесті

проблемаларының бірі болып табылады. Олар кемақылдылар тобына жатпайтын бірақ білім қорының көлеміне, сыныптарда мектеп бағдарламасын игере алмайды

Ақыл-ой (латынша *intellectus*- таным, түсіну немесе ақыл деген сөз)- бұл психикалық кірікпелі қызмет, өз бойына адамның барлық танымдық қабілетін жинақтайды. Ақыл — ойдың артта қалуы-бұл сіздің ақыл-ой қабілеттеріңіздегі шектеулер интеллектке, оқуға және күнделікті өмір дағдыларына әсер етеді. Мұның салдары әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір адамдар аз әсер етуі мүмкін, бірақ бәрібір тәуелсіз өмір сүреді. Басқалары ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін және өмір бойы көмек пен қолдауды қажет етеді. Көптеген адамдар үшін олардың ақыл-ой кемістігінің нақты себебі белгісіз болғанымен, ақыл-ой кемістігінің көптеген жағдайлары мидың дамуындағы айырмашылықтарға байланысты. Көбінесе олар аурудың, жарақаттың немесе әртүрлі оқиғалардың салдарынан мидың зақымдануына байланысты дамуы мүмкін. Ақыл-ойдың негізгі алғы шарттары ес процесі мен ойлау болып табылады. Зейін, ерік және психикалық қызметтердің де маңызы зор. Интеллектіні біліп алып, іскерлік қалыптастыра алатын қабілетіне, құбылыстардың мәнін аша білуіне, себеп-салдар қатынастарды жасауына, оқиғаны жаспарлай алуына, алдын ала білуіне және білімі мен іскерлігін тәжірибедегі нақты жағдайда қолдана білуіне қарай бағалаймыз. Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кемістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Мұндай оқушылар сабақтың жұмыс ырғағына әрең ілеседі. Бала секіруі, сыныпта жүруі, сабаққа деген ынтасы төмен, сөйлесуі, сабақ тақырыбына қатысы жоқ сұрақтар қоюы мүмкін. Әбден шаршаған балалардың кейбіреуі сылбыр, енжар болып, жұмыс істегісі келмесе, енді біреулері мазасыз, қозғыш болуы мүмкін. Мұндай балалар өте өкпешіл, қызба келеді, қатты сөз айтып, жолдасын ренжітіп алуы мүмкін. Осы себептерге байланысты психикалық дамуы тежелген (ПДТ) білім алушының оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті сегіз жастан анық байқалады. Оның негізгі белгілері: сабаққа деген ынтасының төмен болуы, берілген тапсырмаларды жаттығуларды үлкендердің көмегінсіз дұрыс орындай алмауы, оқу мен жазуы жасына сай келмеуі, тез шаршағыш, есте сақтауы төмен болуы, әлеуметтік ортада өз ойын толық айта алмауы, есептеулерде көп қателер жіберуі, зейіні тұрақсыз болады. Психикалық дамуы тежелген білім алушылардың тіл байлығы әдеттегі балаларға қарағанда 30-40% төмен болады. Сондықтан зерттеу нәтижелері бойынша ойлау, сөйлеу тілінде және шығарманың мазмұнының айтуда қиындықтар кездесетіні, сонымен қатар есте сақтау қабілетінің артта қалғаны орындауында көп қиындықтар кездеседі. Психикалық дамуы тежелген білім алушылармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарын жүргізудің түрлері көп. Түзете дамыту жұмыстарын жүргізудің түрлері төмендегідей:

- Баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау;
- Оқу әрекетін дидактикалық ойын түрінде ұйымдастыру;
- Сыныптан тыс қосымша сабақтарға қатысу;

-Ойын дағдыларын оқу әрекетіне аудару;

-Арнайы әдістемелермен оқытуды ұйымдастыру;

Арнайы педагогтар түзету процесінде әдістемелік нұсқауларды дұрыс және жоғары деңгейде ұйымдастыруына байланысты психикалық дамуы тежелген балаларды өз жасындағы балалардың даму деңгейіне жеткізуге болады. Психикалық дамуы тежелген балаларды оқытудың негізгі әдісі біріктіру болып табылады. Қазіргі таңда біріктіру – зейін орталығы. Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерінен жалпы білім беру стандартының қалыпты уақытқа жақын болуымен сипатталады. Біріктіру әдісі білімді түзетудің, дамытудың заңдылығы болып есептеледі. Тұжырымдамаға сәйкес біріктіре оқыту келесі қағидалар негізінде жүргізіледі:

— дамуындағы кемшілікті ерте бастан түзету, дамуында ауытқуы бар балалардың бірнеше қызметтерін қалпына келтіру қабілеттері;

— біріктіре оқыған әрбір балаға түзету көмектері міндетті;

— біріктіре оқуға негізделген балаларды таңдау.

Психозэмоционалдық дамуы терең бұзылған балалар қалыпты балалар арасында тәрбиелене алмайды.

Психикалық дамуы тежелген балалармен дәрігерлік-психологиялық-педагогикалық және түзету шараларын жүргізгенде мамандар мынадай маңызды ұстамдарды сақтауы тиіс:

— жеке және топ арқылы олармен түзету-дамыту сабақтарын жүргізу;

— қимыл-қозғалысы мен психикасының дамуының жетілуін бағалап жетілдіре түсу;

— психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық қауіпсіздігін сақтау, сол ортаға мейірімділік пен қамқорлық жағдайын туғызу, олардың қиыншылығын түсіну және жағдай жасау Білім беру мекемелерінде оқитын психикалық дамуы тежелген білім алушылар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмау керек. Арнайы педагогтар, сынып жетекшісі, ата-аналар тығыс байланыста болған жағдайда баламен жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады. Баланың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру арқылы түзету дамыту жұмыстарын жүргізу тиімді.

Сонымен, логопедиялық сабақтың алғашқы сатысы баланың сөздік қорын дамыту болып саналады:

1.Сөздік қор

1) қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және т.б.), кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;

2) педагогтың өтінішімен қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (бер, алып кел, ал), қазақ тіліндегі сөздік қорын кеңейту және дұрыс айтуға баулу.

2.Тілдің грамматикалық құрылымы

1) берілген сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету;

2) байланыстырып сөйлеу;

3) жай сөйлем құруға машықтандыру;

4) қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім?, Бұл не?);

5) шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді, жатқа айтып беру дағдыларын қалыптастыру

Қорыта айтсам, Психикалық дамудың тежелуін мектеп жасына дейінгі кезеңде үнемі танып білуге болмайды, оны әсіресе мектепке барардың алдында жаппай дәрігерлік тексеруден өткізу кезінде немесе жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбында анықтауға болады. Психикалық дамуы тежелген балалар жалпы білім беретін мектептерде оқи береді, бірақ мұғалім мұндай балалардың ерекшелігін біліп, жеке қарым-қатынас жасап, оған көмектесуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кушербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері //Дефектология. 2011. №3. 17 б.
2. Воронкова В.В. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. М., 1994

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.